

Өзін-өзі бағалау

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту

министрінің 2022 жылғы 5

желтоқсандағы № 486 бұйрығының

1,2,3,4,5-қосымшалары бойынша жасалынды

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Балапан» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі

2023ж

МДҰ білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі

Мазмұны:

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:

Орналасқан жері: Қазақстан, Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы, Балдамша ауылы, Әйтеке Би көшесі, 15 А.

Құрылтайшысы: «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні: 19.04.2010 ж.

- білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

Білім беру ұйымының атауы:

Занды мекен жайы – Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы, Бадамша ауылы, Әйтеке би көшесі, 15А үй

Телефон -8(71342)23-2-72, 87771585512

Электрондық почта –badamsha_balapan_2012@mail.ru

Web-сайт – do-balapan.kz

Балабақша басшысы – Биманбаева Жанат Конуспаевна

МДҰ әдіскері – Байдавлетова Сауле

Хабдошовна

Жоба қуаттылығы (орын) - 100 орын

Оқыту тілі - қазақ және орыс тілі

Топтар саны -4

- педагогикалық кеңес хаттамасы (Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен балабақшаны аттестаттау шеңберінде «Балапан» мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу)

- бұйрық (Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы)

- № 3 кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасы (Мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау өлшемшарттармен таныстыру)

Кадрлық құрамға талдау:

- педагогтардың сапалық құрамы (2-қосымшаға сәйкес)

Тәрбиеленушілер контингенті:

- бағаланатын кезең үшін тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы (3- қосымшаға сәйкес)

Оқу –әдістемелік жұмыс. Бағаланатын кезең үшін:

- оқу жоспары;

- вариативті бөлімдер;

- перспективті жоспар мен циклограммалар.

Оқу-материалдық активтер. (4-қосымша)

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры. (5-қосымша)

Тәрбиеленушілердің білімін бағалау.

Қорытынды:

- мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау парағы (1- қосымша)

Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуін балабақшаның 01.12.2023ж № 91 бұйрық негізінде құрылған комиссия жүргізді. Комиссия төрағасы балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын жалпы жоспарлай отырып, оған басшылықты жүзеге асырды. Төраға Бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша нақты тапсырмаларды комиссия мүшелеріне бөлді. (бұйрық № 1 папкада ұсынылды)

Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі туралы балабақшаның 01.12.2023ж № 91 бұйрық негізінде жоспар құрылып, бекітілді. (жоспар № 1 папкада ұсынылды)

Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу жөніндегі педагогикалық кеңесті барлық профилактикалық бақылау жүргізудің жоспарланған мерзіміне дейін балабақша топтарының көлеміне қарай екі ай бұрын ұйымдастырылды.

01.12.2023 күні № 3 кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізіліп, педагогикалық ұжым Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен таныстырылды.

29.12.2023 күні № 4 кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізіліп, педагогикалық ұжымға мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелері таныстырылды, балабақша басшысы, аттестаттау комиссиясының төрағасы Ж.К.Биманбаева мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу туралы есеп берді. (хаттамалар №1 папкада ұсынылды)

Білім беру ұйымының сипаттамасы негізінде төмендегідей құжаттар ұсынылды:

- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама;
- заңды тұлға өкілін басшы лауазымына тағайындау туралы бұйрық;
- МДҰ жетекшісін лауазымына тағайындау туралы бұйрық;
- білім беру ұйымының Жарғысы;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті бастау туралы хабарлама;
- мектепке дейінгі ұйымға 100 орынға рұқсат беру туралы құжат көшірмелері берілді. (№1 папкада)

Кадрлық құрамға талдау

Балабақшада барлығы 13 педагог жұмыс жасайды.

Педагогтердің қызметтік лауазымы бойынша: меңгеруші – 1, дене шынықтыру нұсқаушысы – 1, музыка жетекшісі – 1, тәрбиешілер – 7.

Педагогтердің біліктілік санаты бойынша: педагог- модератор – 8, педагог-сарапшы - 1, жоғары санатты-1, санаты жоқ – 3.

Бағаланатын кезең үшін педагогтердің штаттық кестесі №2 папкада ұсынылды.

Балабақша педагогтерінің тиісті бейіні бойынша (қайта даярлауды растайтын куәлікті қоса есептегенде) - 13 педагог.

Балабақша педагогтерінің біліктілік санаты бойынша: Балабақша педагогтерінің тиісті бейіні, қайта даярлауды растайтын куәлігі, біліктілік санаты туралы мәліметтер білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымның №2 қосымшасының кестесіне сәйкес толтырылып, басшының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталып №2 папкада ұсынылды. Сонымен қатар, педагогтердің құжаттарның көшірмесі қоса берілді.

Бағаланатын кезең үшін педагогтердің штаттық кестесі № 2 папкада ұсынылды.

Тәрбиеленушілер контингенті туралы ақпарат

Балабақшада 3 қазақ тобы және 1 орыс тобы жұмыс істейді

2021-2022 оқу жылында		
1	Айналайын	Қазақ кіші топ
2	Күншуақ	Қазақ ортаңғы топ
3	Балдырған	қазақ ересек топ
4	Жұлдыздар	Түрлі жас орыс тобы

2022-2023 оқу жылында		
1	Балдырған	Қазақ кіші топ
2	Айналайын	Қазақ ортаңғы топ
3	Күншуақ	Қазақ ересек топ
4	Жұлдыздар	Түрлі жас орыс топ
2023-2024 оқу жылында		
1	Күншуақ	Қазақ кіші топ
2	Балдырған	Түрлі жас қазақ тобы
3	Айналайын	Қазақ ересек топ
4	Жұлдыздар	Түрлі жас орыс тобы

Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар сақталған. Даярлық тобына тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламаларын игеру мерзімі сақталған

Бағаланатын кезең үшін балалардың контингентінің құрылымы білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымның №3 қосымшаға сәйкес жасақталып, басшының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталып ұсынылды. (№3 папка)

Оқу әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар бойынша атқарылған жұмыстар (№486 бұйрықтың 1-параграф 9-тармағының тармақшаларына сәйкес ұсынылды)

1) 2021-2022 оқу жылының құжаттары 2018 жылдың 31 қазандағы ҚР БҒМ № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес жасалды;

2) 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының (қыркүйек-наурыз айлары) құжаттары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі 394 бұйрығына және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығының талаптарына сәйкес жүзеге асырылды, соның ішінде бағаланатын кезеңге:

- Күн тәртібі: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары;

- Перспективалық жоспарлар мен циклограммалар: 2021- 2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары;

- Балабақшаның оқу жұмыс жоспары: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары;

- Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі: 2021-2022 оқу жылы, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі: 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары;

- Вариативтік бөлімнің жоспарлары: 2021-2022 оқу жылы;

Бағаланатын кезең үшін жоғарыда көрсетілген құжаттар білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымға сәйкес жасақталып, басшының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталып ұсынылды.

Оқу-материалдық базалар туралы ақпарат

Балабақша типі 2 қабатты ғимарат. 2010 жылдың сәуір айының 19-да, қолданысқа берілді. Жоба қуаттылығы 90 орын. Ағымдағы жөндеу жұмыстары жазғы маусымда жүргізіліп тұрады. Күрделі жөндеуді 2024 жылы сәуір айына қойылып тұр. Балабақша ғимараты Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрықтың талабына сәйкес жабдықтар және жиһаздармен жарақтандырылған. Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымның 4-қосымшаға сәйкес жасақталып, басшының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталып ұсынылды. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры Балабақшаның оқу –әдістемелік кешендер тізбесі №5 қосымшаға сәйкес жасалып, ұсынылды

Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

- 2021-2022 оқу жылының бастапқы, қорытынды мониторингі мен 2022-2023 оқу жылының бастапқы, қорытынды мониторингі және 2023-2024 оқу жылының бастапқы мониторингі ұсынылды. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымына сәйкес жасалды; Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері жасалынды. Тәрбиеленушілердің жеке даму карталарының көшірмелері қоса берілді.

Қорытынды

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауының қорытындысы шығарылды:

29.12.2023 күні №4 кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізіліп, педагогикалық ұжымға мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелері таныстырылды.

Бағалау парағы р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	5 +
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	95-99%	4 +
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	5
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік	80-94 %	3

	тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы		
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	80-94%	3 +
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	80-94%	3 +
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100%	5 +
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	80-100%	5 +
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	100%	5 +
	Барлығы		386

Меңгерушісі «Балапан» МДҰ МКҚК:



Ж.К. Биманбаева

Ж.К.Биманбаева